

зобалаң жылдары деп атайды. «Азаттық» радиосы осы террор кезеңіне арналған бірнеше бөліктен тұратын сериялы хабарларында Сталиндік репрессия саясатының құрбандарына айналған отбасылардың тағдырлары жайында сөз етеді. Ол кезде сталиндік үлкен террордың қаралы жалыны шарпымаған ешкім қалмаған еді. Зұлмат Кеңес одағының құрамындағы барлық елді, барша ұлт пен ұлысты, түрлі жастағы азаматтардың бәрін де қамтыған болатын. Бұрынғы Кеңес одағының құрамында болған елдер өз құпия мұрағаттарын ашып жатқандықтан құрбандарды ақтау процесі баяу болса да жүруде. Ал миллиондаған адамның тағдырына өзінің жарасын салған сталиндік зұлмат жылдары олардың естерінен ешқашан ұмытылмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің биіктігі ең алдымен әйелдердің құрметтелуінен, екіншіден – құқық берілуінен, үшіншіден қорғалуынан танылады. Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық-иманға ұйыған ұлтымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Зұлматқа ұрындырған жол. // Егемен Қазақстан. 1992. 22 маусым.
2. Тасымбеков А., Жан даусы, АЛЖИР архипелагы, А., 1994; Дильманов С., Кузнецова Е., КарЛАГ, Ф., 1997.
3. Дүкенбаева З. XX ғасырдың 20–40 жылдарындағы ұлт зиялылары: Оқу құралы. Павлодар, 2008, 167–168 бб.
4. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. 515 б.

ҮЗІЛГЕН ЖЫРДЫҢ ІЗІМЕН...

Сейдахмет Қ.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қостанай қ.

Өткен ғасырдың 30-жылдарында орын алған сталиндік зобалаңның алты алаштың талай арыс ұлдарының тағдырына қара күйе болып жабысып, заманының құйынына емендей қайыспай қарсы тұрған талай ерлердің өмірінің өкінішті жағдайда оқыстан үзілгендігі белгілі. 1937-1950 жылдар аралығында Қазақстанда саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар мен сотталғандардың саны 150 мың адамға жеткен екен. Солардың бірі - XX-ғасырдың бас кезінде Торғай өңірінің талантты ақын-жырауларының бірі болған Ақыш Аймағанбетұлы еді.

«Ақыш Аймағанбетұлы кім болған?» деген сұраққа жауап іздесек, Ақыш ақын қазақтың талай марқасқа ұлдарының кіндік қаны тамған қасиетті Торғай өлкесінің Шұбалаң аулында 1893-жылы дүниеге келіпті. Жастайынан әншілік өнерге талаптанып, ат тұяғы жетер аймақтағы ойын-тойдың көркі болған Ақыш көркем сөздің додасы айтыстарға да жиі қатынасқанға ұқсайды. Ал сол кезеңде атақтары Торғай өлкесіне жақсы таныс болған Әбіқай Нұртазаұлы, Күдері Жолдыбайұлы Уақ Жұмабай, Есенжол жырау

сияқты қазақ ауыз әдебиетінің жүйріктерінің өмір сүргендігі, олардың әрқайсысының ақындық ортасы мен ізбасар шәкірттерінің болғандығы қазақ әдебиетінің тарихын зерттеген ғұлама ғалымдарымыздың еңбектерінен белгілі. Ал солармен араласып, бірге топқа түсіп, бақ сынасуы Ақыштың жастығына қарамастан сөз өнерін жетік меңгерген хас шеберлердің бірі болғандығын аңғартса керек.

1916 жылғы Ақ патшаның қазақтың жастары 19 бен 43-дің аралығындағы жігіттерін майдандағы тыл жұмысына еріксіз алуға шығарған Жарлығының ат жалын тартып мінген азаматқа айрықша сын болғандығы анық. Ақыш ақынның аталас ағайындары тегіс патша жарлығына қарсы шығып, азаттық үшін туының түбінен табылған. Бұған басты себептің бірі-1845 жылы Торғай уезінің орталығы Жаңа Орынбор бекінісі салынған жер XIX ғасырда Мерген Сүттібай бидің қыстауы болған. Сүттібай би Кенесары хан Арқада азаттық туын көтергенде қолдау көрсеткен. Хан Алатауға көшкенде Сүттібай би де қуғынға түсіп, ата қонысына патша бекнісі салынған. Қазақта жер мен жесір дауынан өтер іс жоқ. Ата қонысынан қуылған ауылдың азаматтары патша үкіметіне қарсы кекті атадан балаға мирас еткен. Бұл ауылдың ат жалын тартып мінген азаматтарының тегіс 1916-жылы Торғайда Аманкелді батыр көтерген азаттық туының астынан табылуының тамыры осындай оқиғадан бастау алған. Ақыш Аймағанбетұлы да өз туыстарымен бірге 1916-жылғы көтеріліске белсене ат салысқан. Бұл туралы Ақыштың өзі бір өлеңінде:

...-Замана дауыл болса, қаңбақ пенде,

Аттандық найза қолда, қылыш белде.

Татырда қан сасыған қырғын болды.

Алғыншы топ ішінде болдым мен де,- деп еске алады.

«Алғыншы» деп аталарымыз «барлаушы, жауды байқап алда жүретін әскер тобын» атапты. Үзеңгілес інісі Бидаш Қонарбайұлы Ақыш ағасы туралы сыр шерткен сәттерінде: «Ат үстіндегі жүріске аса мықты еді. Торғайдан 600 шақырымдай жердегі Қостанай мен Ақтөбе қалаларына салт атпен 3-4 күнде барып орала беретін» деп еске алатын. Ақыштың осындай туа біткен ат үстінде «үзеңгісін терге шірітіп» шалғайдан шаршамай орала беретін қасиетіне орай Аманкелді батырдың іріктеп алған барлаушы жасағының қатарына енуі заңды тәрізді.

Ақынның соңында қалдырған әдеби мұрасын сараптағанда 1920-1929 жылдардың арасындағы ақ пен қызылдың дүрбелеңі бір сәт басылып, ел арқасы сәл кеңіген кездің Ақыш шығармашылығының шарықтау тұсы болғанын аңғаруға болады. Алайда, бұл мамыражай тірлік ұзаққа созылмады. 1929 жылғы кәмпескеге қарсы болған Аманкелді сарбаздары Батпаққарада кеңес үкіметіне қарсы шығып, оның соңы қарулы көтеріліске ұласқаны белгілі. Торғайлық сарбаздар да ат кекілін түйіп, жүйріктерін жаратып, Кеңес Үкіметне қарсы шыққан қарулас-сарбаздарға жақсы таныс Ақышты хабаршы етіп жібереді. Өкінішке орай, Қостанайдан автокөлікпен тез арада жеткізілген көк темірге құрсаңған қызылдардың әскері Батпаққара көтерілісін тез арада басып тастады.

Көтерілісті басқарған Әмір Әбдіғапардың туыстары мен басқа да бұрынғы сарбаздарды қызыл қанға бояған жазалаушылар енді ел арасынан оларға тілектес болған жандарды іздеп жазалауға кіріседі. Елдегі «саққұлақтар» Батпаққараға байланысшылыққа барғанын чекистерге хабарлаған соң, Ақыш амалсыздан ағаларымен досжар жандарды сағалап Қызылжар өлкесіне уақытша қоныс аударуға мәжбүр болады.

А. Аймағанбетұлының Қызылжарда ұсталып, түрмеге камалғандығын естіген туысы Сейдахмет Қазақстанның үкімет басшыларының бірі Әліби Жанкелдиннің атына Ақыш ақынның жазасын жеңілдету туралы өтініш жазған. Өтінішке Республикалық «Қазақстан Қызыл Партизандар» қоғамының сол кездегі төрағасы Абсалямов деген кісі де қол қойып, Ақыштың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысында А. Иманов сарбаздары қатарында ерлік көрсеткенін ескере отырып, жазасын жеңілдетуді өтініпті. Ол осы өтінішті КазОГПУ төрағасының орынбасары Альшанскийге жолдаған. Осы өтініштер бойынша 1930 жылы жазда Ақыш Аймағанбетұлы «Торғайдағы ОГПУ бақылауында 1 жыл болуы керек» деген үкім шығарылған. Осы оқиғаның кейін Ақыш ақын шығармашылығына да кері әсерін тигізгені байқалады. 1936 жылы Алматыда 1916-жылғы ұлт-азаттық қозғалысының 20-жылдығына орай «1916 жыл» атты естеліктер мен өлең-жырлар жинағы баспадан шықты. Осы жинақта Ақыш әкеміздің 1 дастан, 3 өлеңі жарияланған. Бірақ, өкініштісі, Ақыштың «саяси сенімсіздігіне байланысты» оның осы жинақта баспа жүзін көрген «Қамалды бұзған қаһарман» дастаны мен «Аманкелдіні жоқтау», «Торғайға шабуыл» атты өлеңдеріне «ел аузынан» деген нәлет таңба басылған болатын.

Осы жылдары өлеңдеріне авторлығын дәлелдемек тұрғай, Ақыштың өзіне де «халық жауы» деген жала жабылған. Өзі түрмеге қамалардың алдында жұбайы Мырзасары да дүниеден өткен болатын. Ұядағы сарыауыз балапандай төрт баласының жетім қалғандығына қарамастан 1941 жылы тұтқындалып Торғайдан Қостанай түрмесіне жаяу айдалады. Талантты ақын Ақыш Аймағанбетұлына «1930 жылғы байлардың Қарақұмдағы қарулы көтерілісіне қатысты» деген айып тағылып, 3 жыл бас бостандығынан айыру жазасына кесіледі. Осы жылы «КСРО-ның қазіргі құрылысына қас пиғылдағы кісі, 1918-1919 жылдарда алашордашыл қаскүнемдермен бірге қызыл партизандарға қарсы күрес жүргізді, ел арасында фашистік Германияны мадақтайтын сыбыс таратты» деген жалған айып тағылған ақын ОГПУ үштігінің шешімімен ату жазасына кесілді. Бұл үкім 1942 жылдың 3 ақпан күні түнгі сағат 2-де орындалған.

Баласы Наурызбай Ақышұлының ізденуінің арқасында 1976 жылы күзде Ақыш ақынның сталиндік асыра сілтеу саясатының жазықсыз жаланың құрбаны болғандығы анықталып, ақталды.

«Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» Ақыш ақынның әдеби мұрасының ішіндегі көлемдісі - «Қамалды бұзған қаһарман» дастаны. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының алпыс жылдығы қарсаңында белгілі әдебиет зерттеушісі Қайнекей Жармағанбетов «Білім және еңбек» журналында жарияланған мақаласында осыдан қырық жыл бұрын баспадан шыққан

«1916 жыл» жинағына талдау жасай келіп: «Қамалды бұзған қаһарман» поэмасының тілі жатық, қазіргі ақындарымыздың өлеңдерінен еш кемшін түспейді», - деп сараптама жасапты. Сыншы бұл дастанның өзінің жерлесі А.Аймағанбетұлының туындысы екенін біле тұра, Ақыш әлі ақталмаған соң (Ақыштың ақталғандығы туралы ресми құжаттар тек 1976 жылдың қыркүйек айында қолға тиді) авторы туралы ештеңе айта алмағандығы байқалады. Оған қазақ әдебиетінде өзіне тән айрықша ізін қалдырған Қайнекей ағамызды кіналаудан аулақпыз. Ол кісінің коммунистік идеологияның «күйіп тұрған кезінің» өзінде Ақыш ақынның осы жинақта басылған әдеби мұрасы жайында әділ бағасын беруінің өзі түсінген жанға азаматтық ерліктің үлгісіндей...

Ақыш ақын осы дастанында 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басты себептеріне тоқтала келіп:

...Қазақтан әскер алу болды талап,
Он тоғыз бен отыз бірді түгел санап.
Патшаға қарсы болмай беріңдер деп,
Халыққа үйен жарлық келді талап, - деп жырлайды.

Ақыш ақынның бұл дастаны Торғай даласындағы патшаға қарсы халық көтерілісінің әдеби жылнамасы деуге де болды. Ақын көтерілістің басталу сәтіндегі Аманкелді батырдың келбетін:

...Отырды Амангелді құлақ салып,
Түрленіп құбылады ойға қалып.
«Малша жинап кедейді бермеймін» деп,
Орнынан түрегелді айғай салып, - деп бейнелейді.

Көк темірге құрсанған патшаның жазалаушы жасағына қаймықпай қарсы тұрған қазақ жігіттерінің ерлігін өзі де қарулас достарымен бірге сан шайқасты басынан өткерген Ақыш ақын:

...Хабарланды батырлар, жаудың шетке келгенін,
Жан аямас жолдастың қасына жиып ергенін.
Құралдап ертіп жанына, отыз жеті мергенін,
Түнде келіп өзеннің, түсті тегіс шетіне.
Қуалай жүрді жақындап, солдаттың келер тұсына,
Көнбеске белін нық буып, дұшпанның қорлық ісіне.
Ортаға жаудың түскені, батырдың тиіп күшіне,
Солдат шықты сәскеде, шайын ішіп жайланып.
Шетінен тосып атпаққа, батырлар мылтық кезенді.
Мылтықтың шықты дауысы, бөлініп солдат жөнелді
Атқан сайын ұшырып, батыр енді кенелді.
Аспаннан шыққан бұлттай, түнерген суық айбаты
Шеттеген солдат оққа ұшып, бір жерге барып жиылды.
Амангелді батырдың, көзбен көріп қайратын, құдайына сыйынды.
Шауып жүріп оқ атты, өзеннің биік жарынан
Өлгеннің білмей есебін, айырылды дұшпан санынан - деп, тебірене

жырға қосады.

Халық батыры Аманкелді Иманов пен оның 17 қарулас серігінің 1919 жылғы сәуірде жазалаушылардың қолынан қаза болған сәті де «Қамалды бұзған қаһарман» дастанында аса көркем бейнеленген.

...Алып келді сай басына түйіліп,
Қамаласып тұрды бәрі жиылып,
Бес сап қылып қойды қатар үшеуден,
Өкім етіп тілмен тәртіп бұйырып.
Таң сарғайып атып еді білініп,
Тағдыр жеткен қалды ерлер сүрініп.
Сол қырғыннан қашып шықты төрт адам,
Басқасынан көшті дүниесерпіліп, - деп, Ақыш ақын елінің азаттығы үшін шыбын жандарын қиған өзінің қарулас достарының соңғы сәтін толғана жырға қосады.

А.Аймағанбетұлы «Қамалды бұзған қаһарман» дастанының түйіндемесін:

Өткен ерлер айтып өттім зарыңды,
Білгенімше баяндадым барымды.
Аз сөзбенен аяғында жеткіздім,
Осы күні қалай жүрген халімді.
Батырлардың жолдас қылған қарасы,
Бай-кедейдің ашылғанда арасы.
Торғай аудан, Шұбалаңда тұрамын,
Атым Ақыш Аймағанбет баласы,- деп өз өмірі туралы деректермен қортындапты.

Бір өкіншісі, жазықсыз жазаланып «халық жауы» атанған Ақыш ақынның «1916 жыл» атты жинаққа енген «Қамалды бұзған қаһарман» дастаны мен «Аманкелдіні жоқтау», «Торғайға шабуыл» атты жырларынан сталиндік саяси зобалаң жылдары жабысқан «ел аузынан» деген «қара таңба» әлі күнге шейін арылмай келеді. Осы кітап 1996 жылы қайтадан басылған кезде де бұл олқылықтың орны толтырылмады.

«Алтынды тот баспайды, асылын ел ұмытпайды» дейді халқымыз. 2006 жылы жарық көрген «Қостанай облысы» және 2013 жылы баспадан шыққан «Торғай Елі» атты энциклопедияларда сталиндік зобалаңның жазықсыз құрбаны болған талантты ақын Ақыш Аймағанбетұлының өмірі мен шығармашылығы туралы деректер келтірілді.

Сондай-ақ, 2016 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педогогика институты ғалымдары құрастырған «Торғай ақындарының антологиясы» атты ұжымдық жинақта Ақыш Аймағанбетұлының бірнеше өлеңдері мен «Қамалды бұзған қаһарман» дастаны жарияланды.

Қостанайлық ғалымдар да Ақыш ақынның мұрасын жас ұрпаққа насихаттауға өзүлестерін қосуда. Ақын шығармашылығы туралы осы жолдар авторының республикалық «Егемен Қазақстан», Қостанай облыстық «Қостанайтаңы» газеттерінде бірнеше зерттеу мақалалары жарық көрді.

Айдынының шегіне көз жетпейтін кең арналы өзеннің бастауын бұлақтан алатындығын ескерсек, «тар жол, тайғақ кешу» кезеңде сталиндік

зұлаттың жазықсыз құрбаны болған Ақыш Аймағанбетұлының шығармашылығын зерделеу ісі енді ғана басталғанымен, мезгілінен ерте сөнген талантты ақынның әдеби мұрасы ұлттық руханиятымыздан өзіне тән орнын алар деген үміттеміз.

АЛАШ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ АБОЛЛА БАЙТАСҰЛЫ

Теміртас Г.Ә. студент

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

XX ғасыр қазақтың тарихында ең күрделі, қайшылығы да, тағылымы да мол кезең. Бұл кезеңде қазақ халқы жаппай сауаттылыққа жетті, ғылым-білім саласында табыстарға ие болып, дүниежүзілік мәдениеттің биік деңгейіне қол жеткізді, ұлт зиялылары қалыптасты. Бұны ғасыр жемісі деп бағалаған дұрыс. Сонымен бірге, қазақ халқы кеңес үкіметінің отаршылдық саясатының ықпалында болып, ашаршылық, репрессия, қуғын-сүргін сияқты зобалаңдарды басынан өткерді. Ұлтсыздандыру науқаны белең алып, алаш жұртына рухани қазынасынан айырылып қалу қаупі төнді.

Міне, дәл осы кезде зиялылар ұлт мүддесі үшін бірігіп, «Алаш» идеясын ұсынды. Тәуелсіздікті көксеген ол ұстаным ұлт-азаттық күрестің мазмұнын айқындады.

Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан бастаған алаш зиялыларының басты мақсаты – саяси әрі рухани тәуелсіздікті көксеген «Алаш» идеясын қазақтың игілігі үшін тиімді жүзеге асыру болды. Бұған байланысты зиялы қауым өкілдері ұлттық идеяны жан-жақты насихаттауға, оның ішінде ұлттың жаны болып табылатын руханият саласында іске асыруға ерекше көңіл бөлді.

Ұлттық мұратқа жету үшін алаш ардақтылары ауыр да азапты жолдан өтті. Олардың әрқайсысының ұлт үшін жасаған қызметі мен сіңірген еңбегі елеулі. Әрбір зиялы қоғамның қажеттелігін, заманның талабын біле отырып, түрлі салада ұлт мұраты үшін адал қызмет атқарды.

Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы ұлттың баға жетпес байлығы. Сол себепті оны зерттеу жұмыстары қазіргі таңда белсенді түрде атқарылуда. Бұл ретте алаштанушы ғалымдар ұлт қайраткерлерінің өнегелі еңбектерін жинақтап, ғылыми зерттеулер жазып, елге танытып жатыр.

Биыл Алаш автономиясының құрылғанына 100 жыл толып отыруына орай, есімі саяси-идеологиялық тұрғыдан мансұқталған қалам қайраткерлерін ақтап, шығармашылық мұраларын тәуелсіздік идеясымен байланыстыра талдау, пайымдау жасау міндеті алда тұр. Осы бағытта көпшілік қауымға есімі беймәлім Алаш қалам қайраткері Абдолла Байтасұлының шығармашылығын зерттеуді, оны тәуелсіздік мұраты тұрғысынан зерделеуді мақсат еттік.

Абдолла Байтасұлы – XX ғасырда ғұмыр кешкен, Алаштың рухани, мәдени, әдеби өміріне белсенді атсалысқан зерделі әдебиетші, қарымды журналист, шебер аудармашы, парасатты сыншы, ұлағатты ұстаз, зерттеуші.